



БІРЛІК

2 Саялы бәйтерек

ТІЛЕКТЕСТІК

3 Эгей жағалауынан жеткен сәлем

ТАРИХ

5 Ұлт зиялысы кім?

КӨРМЕ

8 Жүрегімнің түбіне терең бойла...

Тілеуі бірдің туы биік

Қызылордадағы “Достық үйінде” Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы мен 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «Жасампаз 25 жыл» атты салтанатты шара болды. Сыр жұртшылығын айтулы мерекемен облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов құттықтады.

Назерке САНИЯЗОВА.



Ел тіршілігінің бейбіт, тыныс-тың еркін болуында Елбасы бастамасымен құрылған қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты қамтамасыз етуші бірегей институт – Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы ерекше. Тәуелсіздіктің 25 жылдығында ол барша саяси күшпен, бүкіл аймақпен байланыс орната білді. Ізгі қадамдардың бел ортасында жүрген іргелі ұйым

елмен бірге өсіп, кемелденіп, конституциялық органға, ұлт бірлігі идеологиясының басты тірегіне айналды.

– Ассамблея тарихы – соңғы жиырма бес жылдағы тәуелсіз Қазақстанның тарихы. Қазақстан халқы Ассамблеясының дербес институт ретіндегі жолы, жетістіктері мен шыққан биігі еліміздің даму даңғылындағы айтулы оқиғалармен тығыз астасып жатыр. Ең бастысы,

біздің дұрыс жол таңдап, ізгілік пен сенімге, келісім мен бейбітшілікке негізделген парасатты саясат жүргізімізді уақыттың өзі дәлелдеп берді, – деді аймақ басшысы.

Қазіргі күні облыста отыздан астам этнос өкілдері берекелі тіршілік кешуде. 2015 жылы ашылған Достық үйі қоғамдық келісім мен татулықтың темірқазығына айналды. Онда әртүрлі этнос өкілдерінің тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін дамытуға барлық жағдай жасалған.

– Қазақы қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінің мызғымас бірлігі мен әрбір азаматтың Отанға деген мәңгілік сүйіспеншілігін одан әрі ұлықтай түсуіміз қажет. Өйткені тату елде ғана тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады, – деді облыс әкімі.

Жиынға Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин, Ресей Федерациясының Алматыдағы бас консулдығының өкілі Ольга Мошесова құрметті қонақ ретінде қатысты. К.Бусыгин жұлдызды қалашық тұрғындарының атынан Сыр жұртшылығына кең құшағы мен дархан пейілі үшін алғыс білдірді. Жиналған көпшілік Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан сайланған жерлесіміз, Парламент Мәжілісінің депутаты Наталья Жұмділдавананың, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ресей, Өзбекстан, Шешенстан, Оңтүстік Корея мемлекеттері өкілдерінің ыстық ықпаласқа толы бейнеқұттықтауларын қабыл алды.

Бірегей экспонаттар, этностардың ұлттық киімдері мен тұрмыстық заттары қойылған көрме, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихынан сыр шертетін фотогалерея мерекелік шараның мазмұнын байыта түсті. Қонақтар ұлттық аспаптар оркестрі мен этномәдени бірлестік өкілдерінің өнеріне риза болды.

Ризашылық ризықты арттырады



«Сізге алғыс айтамын» немесе жай ғана «рахмет» деген сөзді естігендегі жүрек лүпіліңізге назар аударыңызшы... Бойыңызды ерекше сезім билеп, қанат біткендей боласыз. Алғыс естудің, біреудің ризалығына бөленудің соншалықты маңызды екенін түсінесіз. Біздің күнтізбемізге соңғы жылдары ғана енген Алғыс айту күнінің әлем елдеріндегі тарихы тым тереңде әрі тойлану сипаты да әрқалай. Әрқайсысы әр мезгілде атап өткенмен, барлығының түп негізінде адамдардың бір-біріне деген құрметі, ризалық сезімі жатыр.

2-бет.



АЙТЫС

Абай әлемі – руханият мәйегі

Қазақтың ұлы ақыны, хакім Абайдың 175 жылдығына орай бастау алған “Абай жолымен” атты республикалық ақындар айтысы Сыр елі – жыр елінде жалғасын тапты. Мемлекет басшысының “Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында ұлы ақынның әдеби мұрасын әлемдік деңгейде насихаттаудың үлгісі ұсынылған болатын. Айта кетейік, бүгінгі таңда елімізбен рухани байланыстағы бірқатар әлем елдерінде Абайдың 175 жылдығына арналған шаралар аталып өтуде.



Облыс орталығындағы Н.Бекеежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық театрында ұйымдастырылған айтулы шараны “Nur Otan” партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек және облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов ашып, ұлы ақынның

тойын ұлықтап жатқан Сыр халқына ізгі лебіздерін білдірді. – Құрметті өнерсүйер қауым, Сыр еліне келген сапарымызда Жаңақорған, Шиелі аудандарында болып, бірнеше ауылдарда халықпен кездестік. Ел ішіндегі түйткілді мәселелерді көппен бірге тал-

қылап, айтылған ұсыныс-пікірлерді назарға алдық. Сондай-ақ, бұл сапардың ерекшелігі – халқымыздың ұлы ақыны, ғұлама Абайдың 175 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысын өздерімізбен бірге тамашалап отырмыз.

3-бет.

ШАРА

Кеше Қызылордадағы «Мұрагер» мектебінде қаладағы бірнеше білім ордасы оқушыларының қатысуымен Абай мұрасын асқақтатқан ауқымды шара өтті. «Абай – ақыл-ойдың альбы» атты жиында ақын поэзиясы мен музыка салтанат құрып, «Абай жолы» роман-эпопеясынан эпизодтар ұсынылды. Әдеби-сазды кешке қала әкімінің орынбасары Мира Қазбекова, мектеп басшылары мен балабақша меңгерушілері, жалпы саны 400-ден астам адам қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Ақын мұрасын ұлықтаған кеш

Өнер кешінде музыка мен поэзия арқылы ғана емес, ақын өмірінің жарқын сәттерін театрландырылған қойылым арқылы жеткізуге басымдық берілген. Абайдың ғибрат толы ғұмыры ойландырып, лирикасы көрермен жүрегіне жол тапты. Әсіресе, жуырда ғана Беларусьте өткен байқаудың Гран-при жүлдесін иеленген жас әнші, №11 мектеп-лицейдің оқушысы Дінмұхамед Төлеубайдың орындауындағы «Көзімнің қарасы» әніне қосылмаған адам аз.

Салтанатты жиында ақын мерейтойына орай өткізілген чөлденжте, поэтикалық эстафетаға үлес қосқан балабақша тәрбиеленушілері мен оқушылар, Абай мұрасын зерттеген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ардагер ұстаздары марапатталды.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай қалалық білім бөлімі ұйымдастырған бұл шарада арнайы көрме де ұйымдастырылды. Көрмеде



жуырда ғана Алматыда өткен «Абай жаққан бір сөз» атты республикалық байқаудың бас жүлдесін иеленіп, арнайы шәкіртақы иеленген Сандыбай Біржанды кезіктірдік. «Мұрагер» мектебінің 9-сынып оқушысы, жас ақын бүгінде мұшайралардан бөлек, суырыпсалма қасиетін шыңдап, айттыстарға да қатысып жүр.

Айта кетейік, Абай мұрасының бағасын биіктеткен шаралар мұнымен тоқтамақ емес. Енді қаладағы 54 мектептің қатысуымен «Абай оқулары» байқауы өткізіледі. Сондай-ақ, ұстаздар еңбек демалысында Абайдың туған жеріне арнайы сапарлап, Жиделі-Байсын жеріне экскурсия жасамақ.

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы

«Құрықтай әкідер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірінде Занын 27-бабына және «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Занын 21-бабына сәйкес Қызылорда облысының аймақын қамтамасыз ету туралы»

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы.

2. Қызылорда облысы әкімінің кейбір қауаларының күші жойылды деп танылған.

3. «Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 19 қауалына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізбегінде 5003 нөмірмен тіркелген, «СР бойынша» «Қазақорисландия» нестінде 2015 жылғы 6 маусымда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 2 шілдесі жарияланған).

4. Осы қауалының орындалуы бақылау Қызылорда облысы әкімінің орындарына ІС Бақылаумен жүзеге асырылатынын қамтамасыз ету мақсатында.

5. Осы қауалы алғашқы ретін жарияланған күнінен кейін күнтізбелік оң күні өткен соң қолданыса енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі К.Бисқасов.

«ҚЕЛЕСІЛДІ» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

Қызылорда облысы әкімінің 2020 жылғы «...» №... қауалымен бекітілген

Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

Table with 4 columns: №, Ескерткіштің атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің тарих және координаттары. It lists various historical and cultural monuments across the Qyzylorda region.

Table with 4 columns: №, Ескерткіштің атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің тарих және координаттары. It lists various historical and cultural monuments across the Qyzylorda region.

Table with 4 columns: №, Ескерткіштің атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің тарих және координаттары. It lists various historical and cultural monuments across the Qyzylorda region.

Table with 4 columns: №, Ескерткіштің атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің тарих және координаттары. It lists various historical and cultural monuments across the Qyzylorda region.

Ескерткі: аббревиатуралардың толық жазылуы; б.д. - біздің дәуірімізден; б.д.І - біздің дәуірімізден дейінгі; ф.ғ. - ғасырлар; ж.ж. - жылдар; н/з. - нөмірсіз.

